

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бөбекжай бақша кешені

менгеруші



Мираманова М. А

# АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Су – тіршілік нәрі»

**Шұғыла ерте жас топ**

Тәрбиеші: Сатынбекова К.С

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті

Білім саласы: «Денсаулық»

Тақырыбы: «Су – тіршілік нәрі»

Ерте жас тобы: «Шұғыла»

Мақсаты: судың адам өміріндегі маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру, ойлау қабілетін арттыру, өз денсаулығына тіршілік нәрі болып саналатын суға қамқорлықпен қарауға, суды үнемдеп пайдалануға, суын ішіп отырған табиғат ананы қорғап, аялауға үйрету, экологиялық тәрбие беру.

Сөздік жұмыс: глобус, мұхит, өзен, көл.

Көрнекі құралдар: адамның суды әр түрлі жағдайда қолданып тұрған суреттері, стакандағы су, балалар санына сәйкес шәй қасықтар, тұз, минералды су.

Билингвальды компонент: су – вода, глобус – жер шары.

I. Ұйымдастыру бөлімі:

Шаттық шеңбері

Табиғат біздің анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Иіліп сәлем береміз,

Біз әдепті баламыз.

Армысың алтын күн!

Армысың жер – ана!

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілі.

- Қыс мезгілі екенін қалай білеміз?

- Далада күн суық, қар жауып тұр.

- Дұрыс айтасындар балалар. Мен қазір сендерге жұмбақ жасырамын.

Жұмбақ: Тамшы болып келеді,

Бу болып қайда кетеді? (су)

Шомыласың жүзесің,

Шөлдегенде ішесің (су)

- Өте жақсы балалар! Балалар мынау не екенін білесіңдер ме?

бұл «глобус». Латын тілінен аударғанда «жер шары» деген мағынаны білдіреді.

- Жер шарының пішіні қандай, қандай түсті екен?

- Пішіні дөңгелек, көк, қоңыр, ақ түсті.

- Қараңдаршы көк түспен біз нені белгілейміз?

- Су.

- Дұрыс. Су – ол мұхит, теңіз, өзен, көл. Қоңыр түспен материктер белгіленген. Ол дегеніміз біздің жеріміз. Глобуста ғана емес картада да осы түстер қолданылады. Қарап отырсаңдар жердің (жер шарының) көп бөлігін су алып жатыр. Яғни ол су – тіршілік көзі. Су болмаса өсімдіктер, жануарлар, тіпті бізде өмір сүре алмас едік. Су – ол мұхит, теңіз, өзен, көл ғана емес, ол – жаңбыр, қар, мұз, бу түрінде де кездеседі. Судың белгілі бір түсі жоқ. Ол түссіз келеді. Сондықтан да картада, сызбаларда көріну үшін көк түспен белгілейді.

- Қазір біз тәжірибе жасап көрейік.
- Су қандай зат?  
Сұйық зат

Мұз қатты зат

Бу.

- Судың пішіні бар ма балалар?
- Су көлемді. Біз оны белгілі бір ыдысқа құйып өлшейміз.
- Ал мұздан көптеген пішіндер жасалынады.
- Бу – қолға, ыдыста ұстауға болмайды. Тек көзге ғана көрінеді.
- Балалар келесі тәжірибеміз судың дәмін сезу. Судың дәмі, иісі бола ма?
- Жоқ. Болмайды, иісі де болмайды.

Тәжірибе.

Тұз қосу

Бояу қосу

Иіс сезу

- Балалар көл, теңіз, мұхит сулары ащы келеді. Оны біз дәм туралы тәжірибеде көрсеткен болатынбыз. Біз өзен, тау суларын қолданамыз. Қарды ерітіп ішуге болады. Бірақ біз қалада тұрғандықтан жауған қарды көліктердің түгіндері ластап, ол жарамсыз болып қалады. Суды қажеттілікке байланысты қолдануымыз керек.
- Суды күнделікті өмірде не үшін пайдаланамыз?
- Жуыну үшін, тамақ әзірлеу үшін, бау – бақша, өсімдіктерді суғару үшін пайдаланамыз. Сонымен қатар өзен, көл сулары егістік пен шабындыққа қолданылады. Су табиғат көзі болғандықтан мүлдем құрғап немесе тартылып кетуі мүмкін. Қоқыстар салдарынан ондағы өсімдіктер мен жануарлар өліп, су жарамсыз болып қалады. Сондықтан да «Бұлақ көрсең көзін аш» деп аталарымыз айтып отырған.
- Балалар қане еске түсірейікші су туралы қандай мақал –мәтел, тыйым сөздер білеміз?
- 1. Суға түкір ме;
- 2. Су тазалық досы;
- 3. Сусыз өмір жо;
- 4. Түнде судың бетін ашық қалдыруға болмайды;
- 5. Сусыз өмір – түссіз аспанмен тең.
- Жарайсыңдар балалар!
- Балалар шаршаған болармыз сергіту жаттығуын жасаймыз.

Шеңберді біз құрамыз,

Жаттығуға тұрамыз.

Басымызды кезекпен,

Оңға, солға бұрамыз.

Қолымызды көтеріп,  
Жоғарыға созамыз.  
Осылайша жаттығып,  
Сергек бала боламыз.

- Балалар мына суретке қараңдаршы. Жаңбырдың қалай пайда болатын сызба нұсқасы.

- Балалар осы сурет арқылы судың пайда болуы жайлы көрдіңдер. Бәрі бір - бірімен тығыз байланысты болады. Сонымен бізге су қажет пе?

- Ия, су – тіршілік көзі.